



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7М05202 – География

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЫҢ МАҚСАТЫ

Жоғары мектептің талаптарына сай келетін, географияның заманауи ғылыми және практикалық мәселелерін тұжырымдауға және шешуге қабілетті, сонымен қатар кәсіби кәсіптік іс-әрекетті табысты жүзеге асыратын география ғылымы саласындағы іргелі және базалық білімі бар магистрлерді даярлау.

КӘСІПТІК ІС- ӘРЕКЕТТІҢ ТҮРЛЕРІ

- ұйымдастырушылық-басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік, жоғары, орта арнаулы оқу орындарының әр түрлі бағыттағы білім беру (педагогикалық) іс-әрекеттері;
- ғылыми-зерттеу мекемелерінің, мемлекеттік басқарма органдардың, оқу орындарының, жобалау ұйымдарының, өндірістік кәсіпорындардың қызметтеріндегі ғылыми іс-әрекеттері.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – қазіргі педагогикалық технологияларды меңгереді және оларды білім беру мекемелерінің теориясы мен практикасында қолданады;

ОН2 – дүниежүзі елдері мен аймақтарының бәсекеге қабілеттілігін талдайды, бәсекеге қабілеттіліктің параметрлерін, индикаторларын және интегралды көрсеткіштерін анықтай алады;

ОН3 – ГАЖ қазіргі бағдарламалары мен технологияларын, яғни OpenSource, ArcGIS, Post GIS және т.б. қолданады, ГАЖ бағдарламаларында жобалау және әдістерді талдайды;

ОН4 – ғылыми жоспарлау және зерттеу әдістерін меңгереді; табиғатты ұтымды пайдалану және тұрақты дамудың өзекті міндеттерін шеше алады;

ОН5 – қоршаған ортадағы, қазіргі геэкономикалық және геосаяси процестерді талдайды; дүниежүзі жекелеген елдер мен аймақтардың шаруашылық құрылымындағы өзгерістерді бағалайды;

ОН6 – өзінің кәсіби құзыреттілігі саласындағы міндеттерді шешеді; географиялық ортаның қызмет атқаруына әсер ететін факторларды анықтайды;

ОН7 – жобаларды басқарудың қазіргі әдіснамаларын, ғылыми жоба жоспарының негізгі бөлімдерін құрастыру дағдыларын меңгереді;

ОН8 – географиялық орта мен оның компоненттерінің қалыптасуы процестері туралы білімді меңгереді; Жердің қалыптасуы туралы мәселелерді өз көзқарасы тұрғысынан түсіндіреді, Жердің географиялық заңдылықтарының себептері мен салдарларын түсіндіреді және түсінеді, алынған білімді кәсіби іс-әрекетте қолданады;

ОН9 – заманауи білім беру парадигмасына сәйкес педагогика ғылымының даму бағыттары мен жаңа концептуалды идеяларын түсінеді;

ОН10 – ғылыми ойлау мен дүниетанымды қалыптастырады және дамытады; зерттеу нәтижелерін мақалалар, баяндамалар және диссертациялар түрінде жариялауды дайындайды;

ОН11 – өзінің кәсіптік іс-әрекетінде шет тілін қолдана алады;

ОН12 – психологиялық басқару іс-әрекетінің заңдылықтарын практикада меңгереді және қолданады.